

Бекітемін
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ»
АҚ
Директорлар кеңесінің
2018 жылғы
_____ шешімі
№ _____ хаттама

**«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ
Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті туралы
ереже**

**Астана қ.
2018 ж.**

| | | |
|-----|---|-----|
| СКС | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті туралы ереже | бет |
|-----|---|-----|

МАЗМҰНЫ:

1 ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1. Комитет туралы ереже**
- 2. Комитеттің функциялары**
- 3. Комитеттің құзыреттері**

2 ТАРАУ. КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

- 4. Комитет мүшелерінің құқықтары**
- 3. Комитеттің және оның мүшелерінің жауапкершіліктері**

3 ТАРАУ. ОРГАНДЫ ҚҰРУ ТӘРТІБІ

- 6. Комитеттің құрамы және оны құру**
- 7. Комитет төрағасы**

4 ТАРАУ. КОМИТЕТ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

| | | |
|-----|---|-----|
| СКС | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті туралы ереже | бет |
|-----|---|-----|

I тарау. Жалпы ережелер

1-бөлім. Комитет туралы ереже

1. Осы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қоғамның Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитетінің мәртебесін, құзыретін, құрамын, жұмыс тәртібі мен функцияларын, оның отырыстарын шақыру және өткізу, шешімдерін ресімдеу процедурасын, сонымен қатар Ішкі аудит комитеті мүшелерінің құқықтары мен жауапкершіліктерін анықтайды.

2. Ережеде қолданылатын ұғымдар мен анықтамалар:

Заң – «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

Қор туралы Заң – «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

Фонд – «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы;

Қоғам - «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ;

Ереже – Қоғамның Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті туралы ереже;

Қоғам басшылығы – Қоғамның басшысы және атқарушылық органының мүшелері.

Комплаенс бақылау – заңнамның, ішкі құжаттардың, процедуралардың немесе өзге де стандарттардың талаптарын орындамау нәтижесінде мемлекеттік органдардың, сол сияқты компания клиенттерінің тарапынан санкциялар қолданылуымен байланысты тәуекелдердің туындауын барынша азайту немесе туындауына жол бермеу мақсаттарында Қоғам қызметінің заңнама талаптарына, кәсіби практикаға және этикаға сәйкестігін бақылау.

3. Ереже Қоғамның ішкі құжаты болып табылады және Заңға, Жарғыға, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне, сонымен қатар Қоғамның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

4. Ішкі аудит комитеті Қоғамның Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңестік органы болып табылады және Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған немесе Директорлар кеңесі зерделеу үстіндегі сұрақтарды Қоғамның атқарушылық органының қызметіне бақылау жүргізу тәртібінде тереңдете пысықтау үшін және Директорлар кеңесіне және Қоғамның атқарушылық органына қажетті ұсыныстар әзірлеу үшін құрылады.

5. Ішкі аудит комитеті Қоғамның Директорлар кеңесінің алдында есепті, Қоғамның Директорлар кеңесімен және осы Ережемен оған берілген құзыреттер шеңберінде әрекет етеді.

6. Қоғамның Директорлар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғам Жарғысын, Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдерін, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені, осы Ережені және Қоғамның Директорлар кеңесінің басқа да шешімдерін басшылыққа алады.

| | | |
|-----|---|-----|
| СКС | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті туралы ереже | бет |
|-----|---|-----|

2 бөлім. Комитет функциялары

7. Ішкі аудит комитеті белгіленген тәртіпке келесі функцияларды орындайды:

1) қаржылық есептілік сұрақтары бойынша:

а) Қоғам басшылығымен және ішкі аудитормен қаржылық есептілікті, сонымен қатар оның негізділігі мен қаржылық есептіліктің қолданылған қағидаттарының қолайлылығын, қаржылық есептіліктегі көрсеткіштердің елеулілігін, есептіліктегі елеулі түзетулерді талқылайды;

б) Қоғам басшылығымен, ішкі және сыртқы аудиторлармен Қоғамның Есептік саясатына ұсынылатын өзгерістерді (болжамды) және бұл өзгерістердің есептіліктің мазмұнында қалай көрініс табатынын талқылайды;

в) сыртқы аудитор мен Қоғам басшылығы арасындағы Қоғамның қаржылық есептілігіне қатысты кез келген елеулі келіспеушіліктерді қарайды;

г) Қоғамның Есептік саясатын алдын ала мақұлдайды;

д) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала мақұлдайды.

2) Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару сұрақтары бойынша:

а) ішкі және сыртқы аудиторлардың ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің жағдайы туралы есептерін талдайды;

б) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелері құралдарының тиімділігін талдайды, сонымен қатар осы және сабақтас сұрақтар бойынша ұсыныстар береді;

в) Қоғамның ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің ұсыныстарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

г) елеулі тәуекелдер мен бақылау мәселелерін, Қоғамның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау бойынша тиісті жоспарларын қарау үшін Қоғам басшылығымен тұрақты кездесулер өткізеді;

д) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелері бойынша Қоғамның саясаты мен процедураларын алдын ала мақұлдайды;

е) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерін жетілдіру бойынша Қоғам әзірлеген іс-шаралардың (түзету қадамдарының) нәтижелері мен орындалу сапасын талдайды;

ж) Қоғамның Тәуекелдер тіркелімі мен Тәуекелдер картасын алдын ала мақұлдайды;

з) тәуекелдерге тәбет деңгейі мен тәуекелдер бойынша лимиттерді алдын ала мақұлдайды, Директорлар кеңесі үшін тәуекелдер тәбеті сұрақтары мен негізгі тәуекелдерге қатысты тиімді шаралар бойынша негізделген ұсыныстар дайындайды;

| | | |
|-----|---|-----|
| СКС | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті туралы ереже | бет |
|-----|---|-----|

и) тұрақты дамумен байланысты тәуекелдер мониторингін, оларды айқындауды және бағалауды жүргізеді;

3) Сыртқы аудит сұрақтары бойынша:

а) Қоғамның сыртқы аудиторын тағайындау және ауыстыру сұрақтарын зерделейді және осы сұрақ бойынша ұсыныстар дайындайды;

б) сыртқы аудитор Қоғамға көрсететін (көрсетуді жоспарлаған) барлық қолдау қызметтері тізбесінің сыртқы аудитордан алынуын қамтамасыз етеді және оны сыртқы аудитормен талқылайды. Қолдау қызметтерінің аудитордың тәуелсіздігімен сыйысымдылығын бағалайды. Сыртқы аудитордың Қоғамның Директорлар кеңесінен тәуелсіздігін қамтамасыз ететін шаралар қолдануды ұсынады;

в) сыртқы аудитордан қолдау қызметтерін алуды алдын ала мақұлдайды;

г) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізуге сыртқы аудитормен жасасатын келісімшарт (шарт) жобасының елеулі шарттарын алдын ала мақұлдайды;

д) ұсынылатын жоспар мен аудит көлемінің Қоғам акционерлерінің және Директорлар кеңесінің қажеттіліктеріне қаншалықты жауап беретіндігін сыртқы аудитормен талқылайды;

е) жыл сайынғы және аралық аудит нәтижелерін, Қоғам басшылығының аудит қорытындылары жөніндегі ақпаратын қоса, сыртқы аудитормен бірлесіп қарайды;

ж) Қоғам басшылығы өкілдерінің қатысуынсыз сыртқы аудитормен жарты жылда бір реттен сирек емес кездесу өткізеді;

з) аудиттің орындалуына мониторинг жүргізу жолымен сыртқы аудит процесін бағалауды жүзеге асырады;

4) Ішкі аудит сұрақтары бойынша:

а) ішкі аудит қызметінің жұмысына жетекшілік етеді;

б) Директорлар кеңесіне Ішкі аудит қызметінің сандық құрамы, өкілеттілік мерзімі, оның басшысын және жұмыскерлерін тағайындау, сонымен қатар олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі туралы ұсыныстар енгізеді;

в) Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне еңбекақы және сыйлық төлеу мөлшері мен шарттары, Ішкі аудит қызметі жұмыскерлеріне қойылатын біліктілік талаптары туралы Директорлар кеңесіне ұсыныстар енгізеді;

г) Ішкі аудит қызметі туралы ережені, ішкі аудит саясатын, процедурасын және Ішкі аудит қызметінің жұмысын реттейтін басқа да құжаттарды, сонымен қатар оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдайды, Ішкі аудит қызметінің Қоғам басшылығынан тәуелсіздігін қамтамасыз етеді;

| | | |
|-----|---|-----|
| СКС | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті туралы ереже | бет |
|-----|---|-----|

д) Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы Ішкі аудит қызметінің басшылары мен жұмыскерлерінің кандидатураларын алдын ала келіседі, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін, еншілес және тәуелді ұйымдарда директорлар кеңесі мен аудит комитеттері жоқ болған жағдайда, мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсыныстар береді;

е) Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарының ішкі аудит саясаты мен процедураларын, еншілес және тәуелді ұйымдарда директорлар кеңесі мен аудит комитеттері жоқ болған жағдайда, алдын ала мақұлдайды;

ж) Ішкі аудит қызметінің тәуекелге бағытталған жылдық жоспарын, бюджетін (шығыстар сметасын) алдын ала мақұлдайды;

з) Ішкі аудит қызметінің жалпылама форматта жұмыс нәтижелері мен ең елеулі аудиторлық түсіндірмелер болып табылатын жүйелі түрдегі есептерін алдын ала мақұлдайды;

и) Ішкі аудит қызметінің алға қойылған міндеттерді тиімді орындауына кедергі келтіретін орын алған шектеулер мәселелерін қарайды, мұндай шектеулерді жоюға ықпал етеді;

к) тоқсанда бір реттен сирек емес Қоғам басшылығының қатысуынсыз Ішкі аудит қызметінің басшысымен кездесу өткізеді;

л) Ішкі аудит қызметінің жұмысын алдын ала бағалауды жүргізеді;

м) қажет болған жағдайларда, қызығушылық тудыратын сұрақтар бойынша Ішкі аудит қызметінің тәуелсіз тексерістер (бағалау) жүргізуіне бастамашылық етеді;

Егер Қоғамның атқарушылық органы қызығушылық тудыратын сұрақ бойынша Ішкі аудит қызметі тәуелсіз тексеріс (бағалау) жүргізуі қажет деп тапса, онда Қоғамның атқарушылық органының басшысы осындай тәуелсіз тексеріс (бағалау) жүргізудің жүзеге асырылуына алдын ала мақұлдау алу мақсатында Ішкі аудит қызметіне жүгінеді.

5) Заңнама талаптарын орындау сұрақтары бойынша:

а) Қоғамның заңнаманы орындауын қамтамасыз етуді көздейтін Қоғамның ішкі процедураларының тиімділігін бағалайды;

б) уәкілетті органдардың (соның ішінде салық органдарының), сыртқы және ішкі аудиторлардың, Қоғам басшылығының заңнаманы орындау сұрақтары бойынша есептерін алады және зерделейді;

в) Қоғам жұмыскерлері құпия түрде немесе өзі туралы деректерді жасырып заңнаманы бұзушылық ықтималдылығы немесе теріс пайдаланушылық туралы, соның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен шынайылығына қатысты ақпаратты жеткізуі үшін құрылған «ыстық желі» процедурасы бойынша ұсыныстар енгізеді, сонымен қатар жұмыскерлердің «ыстық желі» арқылы жүгінуін қарау және оған жауап беру тәртібі жөнінде ұсыныстар енгізеді;

| | | |
|-----|---|-----|
| СКС | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті туралы ереже | бет |
|-----|---|-----|

г) қаржылық есептілікті дайындау, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және этикалық сұрақтар бойынша тәртіп бұзушылықтар туралы құпия хабарлау процедурасын алдын ала мақұлдайды;

б) Комплаенс сұрақтары бойынша:

а) Комплаенс қызметінің жұмысына жетекшілік етеді;

б) Директорлар кеңесіне Комплаенс қызметінің сандық құрамы, өкілеттілік мерзімі, Комплаенс қызметінің басшысын және жұмыскерлерін тағайындау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Комплаенс қызметінің жұмыс тәртібі туралы ұсыныстар енгізеді;

в) Директорлар кеңесіне Комплаенс қызметінің жұмыскерлеріне еңбекақы және сыйлық төлеу мөлшері мен шарттары туралы ұсыныстар енгізеді;

г) Комплаенс қызметі туралы ережені, саясатты, комплаенс процедураларын және Комплаенс қызметінің жұмысын реттейтін басқа да құжаттарды, сонымен қатар оларға өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдайды, Комплаенс қызметінің Қоғам басшылығынан тәуелсіздігін қамтамасыз етеді;

д) Комплаенс қызметінің жылдық жұмыс жоспарын, Комплаенс қызметінің бюджетін (шығыстар сметасын) алдын ала мақұлдайды;

ж) Комплаенс қызметінің жалпылама форматта жұмыс нәтижелері мен ең елеулі түсіндірмелер болып табылатын жүйелі түрдегі есептерін алдын ала мақұлдайды;

з) Комплаенс қызметінің алға қойылған міндеттерді тиімді орындауына кедергі келтіретін орын алған шектеулер мәселелерін қарайды, мұндай шектеулерді жоюға ықпал етеді;

и) тоқсанда бір реттен сирек емес Қоғам басшылығының қатысуынсыз Комплаенс қызметінің басшысымен кездесу өткізеді;

к) Комплаенс қызметінің жұмысын алдын ала бағалауды жүргізеді;

л) қажет болған жағдайларда, қызығушылық тудыратын сұрақтар бойынша Комплаенс қызметінің тәуелсіз тексерістер (бағалау) жүргізуіне бастамашылық етеді.

Егер Қоғамның атқарушылық органы қызығушылық тудыратын сұрақ бойынша Комплаенс қызметі тәуелсіз тексеріс (бағалау) жүргізуі қажет деп тапса, онда Қоғамның атқарушылық органының басшысы осындай тәуелсіз тексеріс (бағалау) жүргізудің жүзеге асырылуына алдын ала мақұлдау алу мақсатында Комплаенс қызметіне жүгінеді.

7) Қызмет туралы есептілік:

а) жүйелі түрде, алайда тоқсанда бір реттен сирек емес, Қоғамның Директорлар кеңесінің алдында өз қызметі туралы есеп береді;

| | | |
|-----|---|-----|
| СКС | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті туралы ереже | бет |
|-----|---|-----|

б) Директорлар кеңесінің есебіне кіргізу үшін және Қоғамның Жалғыз акционерінің алдында берілетін есепте ашып көрсету үшін аудит жөніндегі комитет жұмысының нәтижелері бойынша ақпарат дайындауды жүзеге асырады.

8) Басқа міндеттер:

а) Қажет болған жағдайларда, арнайы, соның ішінде тәуелсіз кеңесшілерді (сарапшыларды) тартумен, тексеріс жүргізу бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар әзірейді;

б) алаяқтық жағдайларын талдайды және жалпылайды және алдағы уақытта алаяқтықтың алдын алу бойынша Қоғамның атқарушылық органы қабылдаған шаралардың дұрыстығын бағалайды;

в) Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша Комитет құзыретіне жатқызылған басқа да міндеттерді орындайды.

д) тұрақты даму облысындағы тәуекелдерді бақылайды, сонымен қатар қаржылық емес ақпараттың және есептіліктің, соның ішінде интеграцияланған жылдық есептің сапасына бақылау жүргізеді.

3-бөлім. Комитеттің құзыреттері

8. Ішкі аудит комитеті Қоғам акционерінің (акционерлерінің) мүдделерінде әрекет етеді және оның жұмысы келесі сұрақтар бойынша ұыныстар әзірлеу жолымен Қоғамның Директорлар кеңесіне көмек көрсетуге бағытталған:

1) Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін (соның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен шынайылығын) бақылаудың тиімді жүйесін орнату;

2) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сонымен қатар корпоративтік бақылау облысындағы құжаттардың орындалуын бақылау;

3) сыртқы және ішкі аудиттердің тәуелсіздігін, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын бақылау;

4) осы Ереженің талаптарына сәйкес басқа да сұрақтар.

9. Ішкі аудит комитетінің міндеттеріне сонымен қатар комплайенс бақылау сұрақтары да кіреді.

2 тарау. КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

4-бөлім. Комитет мүшелерінің құқықтары

9. Ішкі аудит комитетінің мүшелері белгіленген тәртіпте келесі құқықтарға ие:

| | | |
|-----|---|-----|
| СКС | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті туралы ереже | бет |
|-----|---|-----|

1) Қоғамның лауазымдық тұлғалары мен жұмыскерлерінен Қоғамға қатысты кез келген ақпаратты (құжаттарды, материалдарды), аталған ақпарат оған Аудит комитетінің мүшесі функцияларын жүзеге асыру үшін қажет болған жағдайда, сұрау және алу;

2) Қоғам басшылығы өкілдерінің қатысуынсыз сыртқы және ішкі аудиторлармен кездесулер өткізу;

2-1) Қоғамның сыртқы аудиторын таңдау жөніндегі Қоғамның конкурстық (тендерлік) комиссиясының құрамына қатысу;

3) осы Ережеде анықталғандай, Ішкі аудит комитетінің қарауындағы сұрақтар бойынша кез келген тексерістерге бастамашылық ету немесе тексерістерді жүргізу;

4) Ішкі аудит комитеті отырыстарының хаттамаларымен және шешімдерімен, аудиторлық қорытындылармен танысу;

5) Ішкі аудит комитеті отырыстарының хаттамасына күн тәртібіндегі сұрақтар мен қабылданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап ету;

6) Ішкі аудит комитеті отырысын шақыруды талап ету;

7) Ішкі аудит комитеті отырысының күн тәртібіне сұрақтар енгізу;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Қоғам Жарғысымен, Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен қарастырылған өзге құқықтарды жүзеге асыру.

5-бөлім. Комитет мүшелерінің жауапкершілігі

10. Аудит комитетінің мүшесі оның әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиян үшін, соның ішінде жаңылысуға әкелетін ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру нәтижесінде келтірілген залал үшін Қоғам алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап көтереді.

3 ТАРАУ. ОРГАНДЫ ҚҰРУ ТӘРТІБІ

6-тарау. Комитеттің құрамы және оны құру

10. Ішкі аудит комитетінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

11. Ішкі аудит комитетінің құрамы Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері қатарынан және Ішкі аудит комитетіне жұмыс істеу үшін жеткілікті кәсіби білімдері бар сарапшылардан құрылады.

| | | |
|-----|---|-----|
| СКС | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті туралы ереже | бет |
|-----|---|-----|

12. Ішкі аудит комитеті, тәуелсіз директорды (директорларды) қосқанда, кемінде үш мүшеден тұруы тиіс. Ішкі аудит комитетінің Төрағасы тәуелсіз директор (директорлар) арасынан сайланады. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Ішкі аудит комитетінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директор болып табылмайтын мүшесі Ішкі аудит комитетінің құрамына сайлана алады, егер Қоғамның Директорлар кеңесі ол тұлғаның Ішкі аудит комитетінің мүшесі болуы Қоғамның және оның акционерінің (акционерлерінің) мүдделеріне сай келеді деп әдеттегіден тыс шешім қабылдаса.

13. Ішкі аудит комитеті мүшелерінің кемінде біреуінің бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілікті дайындау және/немесе қаржы және/немесе аудит облысындағы білімге сәйкес келетін ұзақ мерзімді жұмыс тәжірибесі болуы тиіс.

14. Ішкі аудит комитетінің шешімі бойынша аудит комитетінің хатшысы тағайындалады, ол Ішкі аудит комитетінің жұмысын ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз ету функцияларын жүзеге асырады.

7-бөлім. Ішкі аудит комитетінің төрағасы

15. Ішкі аудит комитетінің Төрағасы келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Ішкі аудит комитетінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Ішкі аудит комитетінің отырыстарын шақырады және Ішкі аудит комитетінің отырыстарында төрағалық етеді;
- 3) Ішкі аудит комитетінің отырыстарында хататманың жүргізілуін ұйымдастырады;
- 4) Ішкі аудит комитетінің қызметі туралы есеп дайындайды және қызмет нәтижелері туралы Директорлар кеңесінің тұрақты отырыстарында Директорлар кеңесіне есеп береді.

16. Төраға жоқ болған жағдайда, Ішкі аудит комитетінің шешімі бойынша оның функцияларын Ішкі аудит комитеті мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

4-тарау. КОМИТЕТ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

17. Ішкі аудит комитеті Ішкі аудит қызметі басшысының және тәуекелдерді басқару блогы басшысының қатысуымен кемінде тоқсан сайын бір рет тұрақты көзбе көз отырыстар өткізеді және қажет болған жағдайларда – кезектен тыс отырыстар өткізеді. Ішкі аудит комитеті өз отырыстарын өткізудің формасын қарастырылатын сұрақтардың маңыздылығына қарай

| | | |
|-----|---|-----|
| СКС | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті туралы ереже | бет |
|-----|---|-----|

таңдайды. Ішкі аудит комитеті жыл сайын Ішкі аудит комитетінің жұмыс жоспарын құрады және бекітеді.

Ішкі аудит комитеті отырысының күн тәртібін Ішкі аудит комитетінің хатшысы дайындайды және Ішкі аудит комитеті мүшелерінің барлығына және мүдделі тұлғаларға отырысты өткізу жоспарланған күннен кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын жібереді. Ішкі аудит комитетінің отырысы Кворум бар болғанда - Ішкі аудит комитеті мүшелерінің кемінде жартысы қатысып отырған жағдайда заңды деп есептеледі.

Ішкі аудит комитетінің отырысы оның Төрағасының бастамасы бойынша немесе келесі тұлғалар мен қызметтердің талаптары бойынша шақырыла алады:

- 1) Ішкі аудит комитетінің кез келген мүшесінің;
- 2) акционердің;
- 3) Ішкі аудит қызметінің;
- 4) Комплаенс қызметінің.

Ішкі аудит комитетінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талабымен Қоғамның Директорлар кеңесіне жүгінуге құқылы, Қоғамның Директорлар кеңесі бұл жағдайда Ішкі аудит комитетінің отырысын шақыруға міндетті.

Ішкі аудит комитетінің отырысы отырысты шақыру талабына бастамашы болған тұлғаны міндетті түрде шақырумен өткізіледі.

Ішкі аудит комитетінің отырысы тек көзбе көз тәртіпте өткізіледі.

Комитеттің әр мүшесі Ішкі аудит комитетінің отырыстарының жылына кемінде 75 % (жетпіс бес) пайызына қатысуы тиіс. Комитет отырыстарында оның мүшелерінің жоқ болуы есепке алынады және осыған байланысты тиісті шаралар қабылданыла алады.

18. Шешімдер Ішкі аудит комитетінің отырысқа қатысып отырған мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда Ішкі аудит комитетінің Төрағасы шешуші дауысқа ие болады.

Ерекше жағдайларда, қарастыралатын сұрақтардың жеделдігі мен маңыздылығына байланысты Ішкі аудит комитеті мүшесінің Ішкі аудит комитетінің көзбе көз отырысына, кворум бар болған жағдайда, бейнеконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс) арқылы, сонымен қатар басқа байланыс түрлерін пайдалану арқылы қатысуына рұқсат етіледі.

Мұндай жағдайда Ішкі аудит комитетінің мүшесі Ішкі аудит комитетінің көзбе көз отырысына қатысқан болып есептеледі. Бұл ретте Комитет отырысының хаттамасында пайдаланылған байланыс түрі көрсетіледі.

19. Ішкі аудит комитетінің мүшелері Ішкі аудит комитетінің көзбе көз отырысына қатысуға міндетті. Ішкі аудит комитетінің мүшелері болып табылмайтын тұлғалар отырыстарға тек Ішкі аудит комитеті Төрағасының шақыруымен ғана қатыса алады. Қажет болған жағдайда, Ішкі аудит

| | | |
|-----|---|-----|
| СКС | «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ Директорлар кеңесінің Ішкі аудит комитеті туралы ереже | бет |
|-----|---|-----|

комитетінің отырысына Ішкі аудит комитеті Төрағасының шақыруымен келесі тұлғалар қатыса алады:

- 1) Ішкі аудит қызметінің басшысы;
- 2) Комплаенс қызметінің басшысы;
- 3) жетекші әріптес және/немесесыртқы аудитордың басқа да өкілдері;
- 4) Қоғамның бірінші басшысы немесе басқа өкілдері, соның ішінде бас бухгалтер, сонымен қатар Қоғамның заң бөлімшесінің өкілдері;
- 5) күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша ақпарат алу үшін белгіленген тәртіпте тартылған тәуелсіз кеңесшілер (сарапшылар).

Ішкі аудит комитеті аудит процесі шеңберінде аудиторлық қорытынды беру мезетіне дейін аудиторлық сұрақтарды және қадағалауларды талқылау үшін сыртқы аудитормен кемінде үш кездесу өткізеді.

20. Ішкі аудит комитетінің әр отырысының нәтижесі бойынша, отырыс өткізілгеннен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, хаттама жасалады. Хаттамаға Ішкі аудит комитетінің Төрағасы немесе отырыста төрағалық етке тұлға, сонымен қатар Ішкі аудит комитетінің хатшысы қол қояды, олар хаттаманың дұрыс жасалуы үшін және мазмұны үшін жауапты.

Ішкі аудит комитетінің хатшысы Ішкі аудит комитеті отырыстарының хаттамаларының сақталуын қамтамасыз етеді.